

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөнінде лизинг қорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 қаңтар N 117

"Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996-1997 жылдары мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Президенттің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Жарлығын және "Агроөнеркәсіп кешенін лизинг негізінде машина жасау өнімдерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 1851 Р951851_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөнінде Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау қоры құрамында лизинг қоры құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау

өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі лизинг қоры туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі лизинг қорына мемлекеттік бюджет қаражаты жіберілетін болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржы министрлігі лизинг қоры қаражатының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
29 қаңтардағы N 117
қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі лизинг қоры туралы

ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі лизинг қоры (бұдан әрі - лизинг қоры) туралы осы ереже Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес әзірленді және ол лизинг қорының қалыптасу және түрлі меншік нысанындағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің техникалық жарақтану деңгейін көтеруге арналған қаражатты жұмсау тәртібін айқындайды.

1. Лизинг қоры Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі лизинг операцияларын жүргізеді және ол ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасының орындалуына жәрдемдесуге арналған.

2. Лизинг қоры өз қызметінде Қазақстан Республикасының заң актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Лизинг қорына арнайы есеп шотын ашатын Ауыл шаруашылығын қолдаудың мемлекеттік қоры қызмет көрсетеді, мұнда лизинг операцияларына бағытталатын бюджеттік және басқа қаражаттар шоғырландырылады.

4. Лизинг қорының негізгі қызметі:

Ауыл шаруашылығын машина жасау өнімімен лизингтік негізде қамтамасыз етудің тәртібін және оны жүзеге асыру тетігін әзірлеу;

конкурстық негізде лизинг беруші қызметін атқаратын ұйымдарды іріктеу; номенклатураларды және лизинг берушілер бойынша машина жасау өнімінің лизингіне қарай өнім берудің сомалық көлемдерін бекіту;

қаржыландыруға қабылданған шаралардың орындалуына және лизинг қоры қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру.

5. Лизинг қорын құрудың көздері мыналар болып табылады: мемлекеттік бюджеттің ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінген мемлекеттік бюджет қаржысы, операциялық шығыстарға жұмсалатынынан басқасы;

шетелдік кредиттер;

жеңілдікті кредиттер, коммерциялық банктердің капиталы; шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз қаржысы.

6. Лизинг қорынан қаржыландыру қордың комиссиясы айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Лизинг қорына мынадай құқықтар беріледі:

бұл мақсатқа жергілікті қаржы органдарының қызметкерлерін тартып, лизинг берушілердің, лизинг алушылардың қызметі мен қаржының мақсатты пайдаланылуына тексеріс жүргізуді белгілеу;

лизинг берушілер мен барлық меншік нысанындағы ауыл шаруашылығы

кәсіпорындарына қажетті ақпарат пен есеп алу.

8. Лизинг шараларын қаржыландыруға бөлінген қаржының мақсатынан тыс және тиімсіз пайдаланылуы, сондай-ақ қойылған мақсатқа қол жеткізу мүмкін еместігі анықталған жағдайда лизинг қоры бұл шараларды қаржыландыруды тоқтатады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің шығынды өтеуі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі.

9. Лизинг қорының қызметіне басшылық жасау үшін оның құрамына Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ауыл шаруашылығы академиясының өкілдері кіріп, олармен келісіп, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін комиссия құрылады.

Лизинг қорының комиссиясы бір жылға жасалған жоспар бойынша жұмыс істейді. Жоспарлардың жобалары қажеттігіне қарай өткізілетін лизинг қоры комиссиясының мәжілістерінде бекітіледі.

Лизинг қорының комиссиясы:

қордың қаржысын бөлудің негізгі бағыттары мен шарттарын айқындайды, шығындар сметасын бекітеді;

лизинг қорын құрау көздері бойынша қаржының уақтылы және толық түсуіне, сондай-ақ бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуды мен қайтарылуына бақылауды жүзеге асырады.